

«6D020100 –Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Рахимжанова Саяна Кадырқызының «Дәстүр – философиялық мәселе» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Дәстүр – адам баласының барша тіршілік болмысымен ұштасып жатқан құндылық болғандықтан, оның философиялық мәні адамзат өмірінде айрықша. Диссертациялық жұмыста адамзат қоғамы дамуындағы дәстүрдің рөліне философиялық талдау жасалған. Еліміздің егемендігін баянды етуде, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарап, дәстүрімізді бағалай білуіміз қажет. Бүгінгі өзгерістер қоғамында дәстүр мәселесін философиялық тұрғыдан зерттеу, заман талабынан туындаған сұраныс. Өйткені, дәстүр уақыттың өзі бекіткен ұлттың рухани мұрасы. Дәстүрді философиялық тұрғыдан зерттеу негізінде, санадағы маңызды мәселелердің метафизикалық түйінін анықтай аламыз. С.Рахимжанованың диссертациялық жұмысында дәстүрді әлуметтік-мәдени жүйенің тұтастығын сақтау әдісі ретінде саралай отырып, шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың еңбектеріне аналитикалық шолу жасай отырып зерттеулер жүргізген. Зерттеу тақырыбының өзектілігін бірнеше мәселелермен айқындаған.

Біріншіден, диссертациялық жұмысының тақырыбын Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы және «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларында айтылған міндеттермен байланыстырып таңдаған.

Екіншіден, жаһандану қоғамында замана сынына сүрінбей өткен, ұлттың алынбас қамалы, ұлттық болмыстың діні болып отырған озық дәстүрлерімізді философиялық тұрғыдан зерделей отырып, дәстүрге жаңаша көзбен қарау, дәстүрді философиялық мәселе ретінде қайта тануды тақырыптың өзектілігінің негізі ретінде таныған.

Үшіншіден, тақырыптың өзектілігіне негіз ретінде ұрпақ өз өмірінде өткенді игеуді, ескеруді маңызды үрдіс деп айқындаған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері. Зерттеу мақсатына сәйкес міндеттер шешімін табу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді:

Бірінші ғылыми нәтижеде отандық философия ғылымында дәстүр философиялық мәселе ретінде алғашқы рет зерттеу нысанына алынған.

Екінші ғылыми нәтижеде философия тарихындағы ойшылдардың дәстүр туралы ойларын саралай отырып, дәстүрді инновациямен сабақтастыру сынағы жасалды. Мұнда ескішілдік пен жаңашылдық бір-біріне

қарсы ұғымдар емес, керсінше өзара байланысты, бірн-бірі толықтыратын, тең маңызға ие құбылыс деген ғылыми тұжырым жасалынған.

Үшінші ғылыми нәтижеде ұлттық дәстүрдің қалыптасу негізін анықтауда халқымыздың өткенін, бүгінін зерттей отырып, дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы, адамның өмір сүру қажеттілігімен байланысты екендігі анықтаған.

Төртінші ғылыми нәтижеде дәстүрдің ұрпақтан ұрпаққа көшу барысындағы құндылық пен сабақтастықтың рөлі қарастырылып, сабақтастық ұлттық дәстүрді байланыстырушы, жалғастырушы дәнекер ретінде айқындалған. Дәстүрдің қалыптасуындағы сабақтастықтың рөлін анықтауда Э. Баллер, Б. Бренштейн, В.М. Каиров, В. Плахов, И.В. Суханов секілді ғалымдардың дәстүр мен сабақтастық байланысы жайлы айтылған ойларын тереңірек пайымдап, ой қорытқан.

Бесінші ғылыми нәтижеде ұлттың ұлт болып ұйысу үшін дәстүрдің философиялық мәні ашылып, оның адамзат өміріндегі орны талданып, ізгілік дәстүрдің ішкі мәні ретінде айшықталған.

Алтыншы ғылыми нәтижеде ұлттық дәстүрлерді саралау барысында, дәстүр адам және оның игілігі үшін қызмет ететін құндылық деп танылып, игілік дәстүрдің көріну формасы ретінде анықталған.

Жетінші ғылыми нәтижеде дәстүрдің негізінде құндылық тәрбиесін субстанция дей отырып, құндылық дәстүрдің бағалау формасы ретінде зерделенген.

Сегізінші ғылыми нәтижеде қазіргі таңдағы ескілік пен жаңашылдық ұғымдарының ұрпақ болмысындағы рөлін анықтай отырып, кезектегі кейбір рухани адасушылықтың, жатсынуудың себебі мен салдары сараланған.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже архаикалық дәстүрлерден бас тартып, ұлт дамуының діңгегіне айналған озық дәстүрлерімізді дәріптеу жаһандық заман талабынан туған сұраныс деп анықталған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қортындыларын негізделуі және шынайылық нәтижесі.

Бірінші ғылыми нәтиже нақты және анық. Қоғамтану ғылымдарында бұл тақырып бойынша танымал ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүгізген, отандық философия ғылымында дәстүр философиялық мәселе ретінде алғаш зерттеу нысанына алынып отыр.

Екінші ғылыми нәтиже нақты және анық. Философия тарихындағы әрбір ойшылдың дүниетанымындағы дәстүр мәселесін зерттей отырып, философиялық анализ жасаған.

Үшінші нәтиже нақты және анық. Дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы анықтауда, дәстүр кез келген қоғамның жаратылыстық ортасына, шаруашылығына, тұрмыс жағдайына, тіпті климаттық ерекшелігіне байланысты қалыптасатындығын анықтаған.

Төртінші нәтиже нақты әрі анық. Сабақтастық – ғасырлар арасындағы жаңа мен ескіні жалғастырушы, адамзаттың дамуына ықпал ететін құбылыс

ретінде таныған. Сабақтастық ұғымының дәстүр жалғастығындағы рөлі сараланған.

Бесінші нәтиже нақты және анық. Озық дәстүрдің адамзат ғұмырында қанша ғасырлар өтсе де жоғалмай, бүгінгі күнге жетуінің сыры – оның астарындағы ізгілікті және адами құндылықтармен байланысты екендігі анықталды.

Алтыншы нәтиже нақты және анық. Дәстүрлі құндылықтарымыздың ел өміріндегі игілікті істердің бастауы, жаңа ұрпақ тәрбиелеу негізі екендігі зерделенді.

Жетінші анық және дәлелденген. Дәстүрді маңызын анықтайтын бағалау формасы құндылық ретінде қарастырыла отырып, дәстүр адам болмысына тәрбиелік құндылықтарды қалыптастырады, олар ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, рахымдылық, ақылдылық, адалдық, әділдік, қанағатшылдық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, имандылық, бақыт, қанағат, дербестілік, жауапкершілік, намысқойлылық, кісілік, сабақтастық секілді құндылықтармен байланыстылығын саралаған.

Сегізінші нақты әрі дәлелденген. Дәстүрдің жаңғыруы, жаһандану дәуірінде ұлттық болмысы толық интеллектуалды ұрпақ қалыптастыру негізі ретінде анықтаған.

Тоғызыншы анық және дәлелденген. Ұлттық болмыстың түп қазығы болған дәстүрлерді реконструкциялап, оның бойындағы ұлт кемелденуіне кедергі болатын өткеннің кертартпа мазмұндардан тазартып, озық дәстүрлер жүйесін қалыптастыру қажет екендігін анықтаған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиже (қағида) мен тұжырымның жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже жаңа, отандық философия ғылымында дәстүр философиялық мәселе ретінде алғашқы рет зерттеу нысанына алынған.

Екінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы белгілі бір байланыс сақталған жағдайда ғана, қоғамда рухани жаңылысулар мен ауытқулар болмайтындығы пайымдалды.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүрдің табиғи қажеттіліктен туған болмысы, ұлттың менталитеттік ерекшеліктерімен ұштасып жататындығы анықталған.

Төртінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа, дәстүрді қалыптасқан дүние ретінде қарастыра отырып, оның ұрпаққа берілу ұдайлығын сабақтастықпен байланыстырған.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа, дәстүрдің философиялық болмысын анықтауда, ізгілік дәстүрдің ішкі мәні, ретінде зерделей отырып, ізгілікті адамның өміріндегі ең кемел іс-әрекеті ретінде саралаған. Ізгілікке, адамшылыққа бастайтын озық дәстүрлер ғана ұлт өмірінде айрықша орын алады және елдің болашағына дұрыс бағдар бермек деп тұжырым жасаған.

Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа, дәстүр ел игілігінде туыстық қатынастарды реттеуде, мемлекеттік істерде, қоғам жүйесінде қызмет атқаратындығын анықтай отырып, дәстүрдің бойындағы ізгілік, адамгершілік

құндылықтар игілікті істерге бастау болып табылатындығын анықтаған. Дәстүрдің дүниеде көріну формасы игілік деп дәйектелген.

Жетінші ғылыми нәтиже жана, адамзат өмірінде қазіргі болған жағдай, ендігі кезеңде болмайды, бірақ кейбір әрекет немесе ой қайталанып отырады, ол дәстүр ретінде қарастырған. Дәстүрдің қайталанып отыру себебін оның астарындағы құндылықтармен байланыстыра отырып, дәстүрдің бағалау формасын – құндылық ретінде анықталған.

Сегізінші ғылыми нәтиже жана, бүгінгі ұрпақ интеллектуалдылықты ұлттық құндылықтардан алатындығын ұғындыра отырып, жаһандану қоғамындағы рухани адасушылықтың, жатсынудың себебі мен салдары сараланған.

Тоғызыншы ғылыми нәтиже салыстырмалы жана, ұлт дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа таза ескірген, көнерген құндылықтардан бас тартып, ұлттық дәстүрімзіді жана тұрпатта, ізгілік, адамгершілік негізінде жаңғырта білу қажет екендігін анықтаған.

4. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары қазақ халқының дәстүрлік мәдениетін зерттеу бойынша теориялық ғылыми жұмыстар жасағанда және жоғарғы оқу орындарында «Дәстүр философиясы», «Сабақтастық философиясы», «Жақсы қазақ», «Қазіргі заман қазақ философиясы», «Жаңаша және инновациялық ойлау философиясы» бойынша арнайы курстарды оқытуда қолданыла алады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қортындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша жалпы саны 9 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде ҚР БЖҒМ ғылым мен білім беру саласын бақылау жөніндегі комитет ұсынған журналда - 3 және «Адам әлемі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы» журналдарында; Scopus базасына кіретін «European Journal of Science and Theology» румын журналында-1 мақала; Қазақстанда өткен ғылыми конференциялар жинағында 2 мақала; шетелде өткен ғылыми конференцияларда 3 мақала (оның ішінде екеуі Украина және Ресей елдерінде) басылып шыққан.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыс кіріспе мен қорытынды бөлімі дұрыс жүйеленген, талапқа сай.

Дегенмен, диссертациялық зерттеу жұмысына ескертпе бар:

Диссертант диссертация жұмысында кейбір терминдерді қолдануда, бірізділік сақталмаған. Алайда, бұл аталған кемшілік зерттеу жұмысының қойған мақсатқа жетуге кедергі келтірмеді. Бұл кемшіліктерді докторант өзінің болашақ зерттеулерінде ескереді деп санаймын.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Рахимжанова Саяна Кадырқызының «Дәстүр-философиялық мәселе» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған, жұмысы толық аяқталған ізденіс.

Рахимжанова Саяна Кадырқызының «6D020100 - Философия» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған «Дәстүр-философиялық мәселе» атты диссертациялық жұмысы талаптарға сай, философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын- пікір беруші:

Қазақстан Республикасының
жоғарғы сот төрелігі
академиясының
профессоры, философия
ғылымдарының докторы

Бурбаев Төлеуғали Қайыржанұлы

